ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылы 05 қараша №7119-24-00-2/13525 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.М.Өтегенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Азим» жеке кәсіпкері - Куанышбаев Азимбек Батырханович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Азим» (Куанышбаев Азимбек Батырханович) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Азим» (Куанышбаев Азимбек Батырханович) жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 064 (бір мың алпыс төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1856 (бір мың сегіз жүз елу алты) теңге баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 05.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Утегенова А. М., 07.02.2025
7119-24-3-1/12991

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.М. Утегенова**

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 05.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Утегенова А. М., 07.02.2025